

**Атырау облысы Жылыой ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2013 жылғы 07 ақпандағы № 10-4 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 19 ақпанда № 2688 тіркелді. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 13-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Жылыой аудандық мәслихатының 2013.06.14 № 13-8 шешімімен**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5 тармағына және аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 20 желтоқсандағы IX сессиясының № 9-2 "2013-2015 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне сәйкес, аудандық мәслихат кезекті X сессиясында

**Ш Е Ш Т І :**

1. Атырау облысы, Жылыой ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін 5 000 (бес мың) теңге көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек берілісін.

**Ескерту. 2 тармақтың күші жойылды - Атырау облысы Жылыой аудандық мәслихатының 2013.04.15 № 11-3 шешімімен.**

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың X  
сессиясының төрағасы: **Б. Абдрахманов**  
Аудандық мәслихат хатшысы: **М. Кенғанов**